

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2019 жылғы 13 желтоқсандағы № 109 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 26 желтоқсанда № 19776 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрі*

М. Мирзагалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш
өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Гидромелиорациялық жүйелер мен су шаруашылығы құрылыстарының паспорттарын жүргізу ережесін және паспорт нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2009 жылғы 4 маусымдағы № 326 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5714 болып тіркелген, 2009 жылғы шілдеде Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде № 8 болып жарияланған):

көрсетілген бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Гидромелиорациялық жүйелер мен су шаруашылығы құрылысжайларының паспорттарын жүргізу қағидасын және паспорт нысанын бекіту туралы";

көрсетілген бұйрықтың қазақ тіліндегі 1-тармаққа өзгеріс енгізіледі, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"1. Қоса беріліп отырған:

1) Гидромелиорациялық жүйелер мен су шаруашылығы құрылысжайларының паспорттарын жүргізу ережесі;

2) Гидромелиорациялық жүйелер мен су шаруашылығы құрылысжайларының паспорт нысаны бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Гидромелиорациялық жүйелер мен су шаруашылығы құрылысжайларының паспорттарын жүргізу ережеде:

қазақ тіліндегі тақырыбына өзгеріс енгізіледі, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"Гидромелиорациялық жүйелер мен су шаруашылығы құрылысжайларының паспорттарын жүргізу қағидасы";

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Гидромелиорациялық жүйелер мен су шаруашылығы құрылысжайларының паспорттарын жүргізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 37-бабына сәйкес әзірленген және су пайдаланушылары жеке және заңды тұлғалар болып табылатын гидромелиорациялық

жүйелермен су шаруашылығы құрылысжайларын паспорттандыруды жүргізу тәртібін айқындайды.";

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді :

"2. Осы Қағидада келесі ұғымдар қолданылады:

паспорттандыру - гидромелиорациялық жүйелер мен су шаруашылығы құрылысжайының нақты техникалық жай-күйін анықтау және алынған мәліметтерді гидромелиорациялық жүйелер мен су шаруашылығы құрылысжайлары паспортына енгізу арқылы оларды мемлекеттік есепке алу;

гидромелиорациялық жүйелер мен су шаруашылығы құрылысжайларының паспорты (бұдан әрі - Паспорт) - тіркеу нөмірі, атауы және физико-географиялық, геолого-гидрологиялық, техникалық, құқықтық және экономикалық көрсеткіштерінен тұратын кешенді сипаттамасы бар құжат.

3. Егер гидромелиорациялық жүйелер мен су шаруашылығы құрылысжайларының атауы және физико-географиялық, геолого-гидрологиялық, техникалық, құқықтық және экономикалық көрсеткіштерінен тұратын кешенді сипаттамасы өзгерген жағдайда , паспортқа өзгерістер енгізіледі.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Гидромелиорациялық жүйелер мен су шаруашылығы құрылысжайларын паспорттандыруды жүргізу тәртібі";

4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"4. Паспорттандыруды ұйымдастыруды және жүргізуді гидромелиорациялық жүйелер мен су шаруашылығы құрылысжайларын пайдаланушы су шаруашылығы ұйымдары немесе су шаруашылығы жүйелері мен құрылысжайларының иесі болып табылатын заңды тұлғалар жүзеге асырады.

5. Қайта құру жүргізілген және пайдалануға берілген гидромелиорациялық жүйелер мен су шаруашылығы құрылысжайларын паспорттандыруды мемлекеттік қабылдау комиссиясының объектіні қабылдауы кезінде техникалық параметрлердің жобалары негізінде жүргізіледі.

6. Паспорттың жыл сайын жаңартылатын бөлімдері гидромелиорациялық жүйелер мен су шаруашылығы құрылысжайларының техникалық жағдайын ескере отырып, нақты зерттеу жүргізу және оларды жоба деректерімен салыстыру арқылы толтырылады. Бүлінулер анықталған жағдайда ақаулық ведомосы толтырылады.";

Ақаулық ведомосына ағымдағы жөндеуге, қалпына келтіруге немесе толық ауыстырылуға жататын мәліметтер енгізіледі.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Гидромелиорациялық жүйелер";

7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді :

"7. Гидромелиорациялық жүйелерді паспорттандыру кезінде оның орналасу картасы жасалынады, онда жауапты тұлға осы жүйенің құрамына барлық су шаруашылығы құрылысжайларын шартты түрде белгілейді және оларды алдын-ала нөмірлейді.

8. Жаңадан салынған гидромелиорациялық жүйелерге паспорттандыру алдын ала құралдармен өлшеу арқылы жүргізіледі.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"10. Гидромелиорациялық жүйелер паспортының барлық бөлімдерін толтыру үшін осы жүйеге кіретін су шаруашылығы құрылысжайларының техникалық паспорты әзірленеді. Су шаруашылығы құрылысжайларының техникалық паспортын нөмірлегенде алдын ала берілген нөмірді сақтау қажет.";

18 және 19-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Коммуналдық меншіктегі гидромелиорациялық жүйелердің паспорты тіркеу үшін облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына ұсынылады.

19. Паспорттың бір данасы су шаруашылығы ұйымында, екінші данасы уәкілетті органда немесе облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарында сақталады.";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Су шаруашылығы құрылысжайлары";

21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28 және 29-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"21. Паспорттандыру кезінде жауапты тұлға су шаруашылығы құрылысжайының орналасу картасын жасайды.

22. Паспорттың ажырамас қосымшасы (бөлімі) болып табылатын су шаруашылығы құрылысжайының техникалық паспортында құрылыстардың конструкциясын, құрамды бөлігі мен элементтерінің өлшемдерін сипаттайтын көрсеткіштері көрсетіледі.

23. Қайта құрылған су шаруашылығы құрылысжайларын паспорттандыру жобада қарастырылған учаскеде жүргізіледі.

24. Қайта құрылған су шаруашылығы құрылысжайларын паспорттандыру өзгеріске ұшырап, қайта құрылған бөліктер, қайта құру бойынша жобада қамтылған учаскенің басқы бөлігінен бастап, алдын ала құралдармен өлшеу арқылы жүргізіледі.

25. Су шаруашылығы құрылысжайларының техникалық паспортының барлық бөлімдерін толтыруды су шаруашылығы ұйымдарының жауапты тұлғасы жүзеге асырады.

26. Су шаруашылығы құрылысжайының техникалық паспорты құрылыстың қызмет атқарған кезеңіне дейін жарамды болып табылады.

27. Пайдаланылмайтын және қайта қалпына келтіруге жатпайтын су шаруашылығы құрылысжайларының техникалық паспорты мұрағатқа өткізіледі, паспортқа тиісті өзгерістер енгізіледі және паспортты қайта тіркеу жүргізіледі.

28. Су шаруашылығы құрылысжайын жалға сенімді басқаруға, жеке меншікке немесе мемлекеттік меншіктің бір түрінен басқа түріне берген кезде техникалық паспортқа өзгеріс енгізілмейді.

29. Республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылысжайларының техникалық паспортын тіркеу және оларды деректердің электрондық базасына енгізу үшін су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсынылады.";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Коммуналдық және жеке меншіктегі су шаруашылығы құрылысжайларының техникалық паспорты тіркеу үшін облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына ұсынылады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Гидромелиорациялық жүйелер мен су шаруашылығы құрылысжайларының паспорттарының нысаны осы тізбенің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ортақ су пайдаланудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 19-1/252 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11434 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ортақ су пайдаланудың үлгілік қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ортақ су пайдаланудың үлгілік қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 37-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілді органдарының өңірлік жағдайлардың ерекшеліктерін ескере отырып ортақ су пайдалану қағидаларын белгілеу тәртібін айқындайды.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылысжайларындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерді экологиялық талаптар мен адам өмірінің қауіпсіздігін сақтай отырып, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы, қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдармен келісім бойынша облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары белгілейді.";

11, 12, 13, 14 және 14-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілді органдары мәслихаттың кезекті немесе кезектен тыс сессиясы барысында азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында өңірлік жағдайлардың ерекшеліктерін ескере отырып, ортақ су пайдалану қағидаларында тиісті өңірдің аумағында орналасқан су объектілерінде шомылу, ауыз су және тұрмыстық қажеттіліктерге су алу, мал суару, шағын кемелерде және басқа да жүзу құралдарында жүзу жүзеге асырылмайтын жерлерді айқындайды.

12. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары тиісті аумақтарда орналасқан су объектілерінің, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің жай-күйі туралы халықты хабардар етуді жүзеге асырады.

13. Оқшау немесе бірлесіп су пайдалануды жүзеге асыратын су пайдаланушы, егер облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілді органдарының шешімдерінде өзгеше белгіленбесе, Кодекстің 67-бабының 3-тармағына және 68-бабының 4-тармағына сәйкес ортақ су пайдалану шарттары немесе оған тыйым салу туралы жариялайды.

14. Ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын жариялау үшін оқшау немесе бірлесіп су пайдалануды жүзеге асыратын су пайдаланушы облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілді органдарына ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын белгілеудің қажеттігі негізделген ұсыныс енгізеді.

14-1. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілді органдары мәслихаттың кезекті немесе кезектен тыс сессиясы барысында ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын белгілеу бойынша тиісті шешім қабылдайды және оны үш жұмыс күні ішінде су пайдаланушыға жолдайды.";

15-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15-1. Су пайдаланушы облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілді органдарынан оң шешім алғаннан кейін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, сондай-ақ, арнайы ақпараттық белгілер арқылы халықты шомылуға жол берілмейтіні және ортақ су пайдалануды жүзеге асырудың басқа шарттары туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді."

3. "Бөгеттерді декларацияланатын бөгеттерге жатқызу критерийлерін айқындайтын қағидаларды және Бөгеттің қауіпсіздігі декларациясын әзірлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 2 желтоқсандағы № 19-2/1054 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12660 болып тіркелген, 2016 жылғы 26 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бөгеттердің қауіпсіздігі декларациясын әзірлеу қағидаларында:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Бөгеттердің қауіпсіздігі декларациясы мыналарды қамтиды:

1) титулдық парақ;

2) бөгет және ол орналасқан ауданның табиғи жағдайлары, жобада, пайдалану қағидаларында және уәкілетті мемлекеттік органдардың нұсқамаларында көзделген қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы деректерді (мысалы, бөгетте орнатылған жүк көтергіш механизмдерді, өрт дабылдамасын пайдалану мәселелері бойынша) қамтитын жалпы ақпарат, пайдаланушы ұйым туралы негізгі мәліметтер;

3) бөгеттің қауіпсіздігі декларациясына қосымша ретінде - жалпы сызбалар жиынтығы бар бөгет паспорты: су қоймасының жоспары, гидротораптың бас жоспары, тегеурін шебінің құрылысжайлары, қоршау және қорғау дамбалары бойынша жоспарлар мен бөліністер, су басу аймақтары, қоршаған ортаға зиянды әсер ету аймақтарының шекаралары есептемелерінің нәтижелері бар ахуалдық жоспар;

4) құрылыс және пайдалану кезеңдерінде бөгет арқылы белгіленген көлемдегі тасқын суларды жіберу жөніндегі техникалық шешімдердің негіздемесі;

5) қауіптің ықтимал көздерін айқындауды және мақсатына, күрделілік сыныбына, конструкция ерекшеліктеріне, пайдалану шарттарына және қауіпсіздікке қойылатын арнайы талаптарға байланысты бөгеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету ерекшеліктерін ескере отырып, төтенше жағдайларға жол бермеуге және (немесе) олардың салдарларын азайтуға дайындығын қоса алғанда, бөгеттің қауіпсіздігін талдау және бағалау;

6) беріктікке, тұрақтылыққа, су өткізбеушілікке және төзімділікке арналған есептеу негізінде бөгет қауіпсіздігі көрсеткіштерінің белгіленген жол берілетін мәндері;

7) бөгетті тегеурінге қою кезеңіндегі заттай байқау деректері;

8) жекелеген конструкциялық элементтер үшін қауіпсіздік өлшемшарттарын және тұтастай алғанда құрылысжай қауіпсіздігі деңгейін айқындай отырып, құрылысжайлардың техникалық жай-күйін заттай байқау нәтижелері, сондай-ақ қауіпсіздіктің шекті жол берілетін көрсеткіштерін нақтылау бойынша ұсыныстар;

9) бөгетте болған апаттар және оларды жою жөніндегі шаралар туралы деректер;

10) объектілерді күзету жүйесі және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы деректер;

11) пайдаланушы ұйымның бөгеттің қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспары;

12) бөгеттегі ықтимал және туындаған апаттық жағдайлар туралы халықты, уәкілетті орган мен бассейндік инспекцияны, ішкі істер органдарын, облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарын хабардар ету;

13) декларанттың жекелеген тораптардың және жалпы бөгеттің қауіпсіздігі деңгейін , сондай-ақ қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қажетті іс-шаралар тізбесінің жеткіліктілігін бағалауы;

14) қолданыстағы заңнамаға сәйкес құрылысы немесе реконструкциялануы, күрделі жөндеуі, қалпына келтірілуі аяқталған бөгетті пайдалануға қабылдау актісі."

4. "Бассейндер және облыстар (республикалық маңызы қала, астана) деңгейінде 2016-2025 жылдарға арналған су пайдалану лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 19 тамыздағы № 367 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14252 болып тіркелген, 2016 жылғы 6 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бассейндер және облыстар (республикалық маңызы бар қалалар, астана) бөлінісінде 2016-2025 жылдарға арналған су пайдалану лимиттерін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Бассейндер және облыстар (республикалық маңызы бар қалалар, астана) бөлінісінде 2016-2025 жылдарға арналған су пайдалану лимиттері бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бассейндер және облыстар (республикалық маңызы қала, астана) деңгейінде 2016-2025 жылдарға арналған су пайдалану лимиттерінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бассейндер және облыстар (республикалық маңызы бар қалалар, астана) бөлінісінде 2016-2025 жылдарға арналған су пайдалану лимиттері*".

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауылшаруашылығы
министрінің
2009 жылғы 4 маусымдағы
№ 326 бұйрығымен
бекітілген
Нысан

ГИДРОМЕЛИОРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕР МЕН СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚҰРЫЛЫСЖАЙЛАРЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

_____ (республикалық мемлекеттік су
шаруашылығы мекемесінің атауы) ПАСПОРТ № _____ ТІРКЕЛДІ _____
_____ (күні және мөртабан)

	алаңы, гектар	тереңдігі, метр	ұзақтығы, тәулік	ұзындығы, шақырым	биіктігі, метр	орташа ені, метр	қалпына келтіруді қажет етеді)
1	2	3	4	5	6	7	8

Көлтабандап суару жүйесіндегі құрылысжайлар

Карта бойынша №	Құрылысжайдың аты және типі	Құрылысжайдың техникалық көрсеткіштері	Құрылысжай паспортының №	Техникалық жай-күйі (жарамды, күрделі жөндеуді, қалпына келтіруді қажет етеді)
1	2	3	4	5

Паспорттандыруға дейінгі соңғы 2-3 жылда жүйе жұмысында байқалған зиянды құбылыстардың (бөгеттің, бөгетшенің, құрылысжай жалдарының бұзылуы және т.б.), осы құбылыстардың салдарлары және оларды жою бойынша қабылданған шаралардың қысқаша сипаттамасы

Көлтабандап суару жүйесі бойынша негізгі мәселелер тізіміне кірмеген қосымша мәліметтер _____

Қосымшалар (атап өтіңіз): _____

Су құбырын орналастырудың ахуалдық жоспар-схемасы

Көлтабандап суару жүйесінің № ____ паспортына бағалау ведомосі Жүйелердің атауы _____

						оның ішінде

Р/с №	Түгендеу №	Көрсеткіштер атауы	Паспорт №	Өлшем бірлігі	Саны, барлығы	күрделі жөндеуді қажет ететіні	қалпына келтіруді қажет ететіні
1	2	3	4	5	6	7	8
		Жүйе бойынша жиыны		шақырым			
		Жайылмалар жалдары		шақырым			
		Жайылмалардағы құрылысжайлар		дана			
		оның ішінде су шаруашылығы ұйымы балансындағылар		дана			
		Жайылмалар жалдары		шақырым			
		Жайылмалардағы құрылысжайлар		дана			

кестенің жалғасы

Теңгерімдік құны, теңге	Тозу пайызы (%)	Тозық сомасы, теңге	Су шаруашылығы мекемесінің немесе су пайдаланушылардың балансында тұрғаны	Ескерту
9	10	11	12	13

2. Коллектор жүйелері

Коллектордың аты _____

Есептеулік шығын _____

Су қабылдағыш қызметін _____ атқарады

Пайдалануға _____ жылы берілді

Коллектор жүйесінің теңгерімдік құны _____ миллион теңге

Коллектор жүйесі қолданылатын аймақтағы дренаж желісі бар жерлердің алаңы: жобалық _____ (гектар) нақты _____

(гектар)

Коллектор жүйесі _____ аумағын

қамтиды

(облыс, аудандар және суару жүйесі)

Коллектор жүйесі қолданылатын аймақтағы дренаж желісі бар жерлер алаңы

Негізгі және шаруашылық қоллекторлардың аты	Дренаж желісі бар жерлер алаңы, гектар				Дренаж желісінің ұзақтығы, метр		
	жобалық		нақты		барлығы	оның ішінде, ашық	оның ішінде тереңдігі 1,5 метрден жоғары
	барлығы	оның ішінде, жабық	барлығы	оның ішінде, жабық			
1	2	3	4	5	6	7	8

Коллектормен бұрылған судың көлемі - (мың текше метр) және бұрылған тұздардың мөлшері - жылына мың тонна

Жылдар	Коллектордың атауы	Бір жылдағы төгінді су, мың тонна	Бір жылда бұрылған тұз, мың тонна	Суды минералдау, грамм/литр		
				Ең жоғары	Орташа	Ең төмен

Тазарту жұмыстарының көлемі көрсетілген жыл сайын жүргізілетін жөндеу жұмыстарының жазбасы _____

Коллектор жұмысында байқалған зиянды құбылыстардың (түбінің шайылуы, құлама жарлардың көшуі, тіреулер және басқалары) және оларды жою бойынша қабылданған шаралардың қысқаша сипаттамасы _____

Ыза сулардың деңгейін бақылауға арналған құрылғы

_____ дана оның ішінде тіреуішті _____ дана

Ыза сулардың деңгейіне бақылау қамтылған жердің ауданы _____ гектар

Су құбыры орналасуының ахуалды жоспар-схемасы

Негізгі және шаруашылықаралық коллекторлардың техникалық сипаттамасы

Негізгі және шаруашылықаралық коллекторлардың аты	Коллекторлардың ұзақтығы		Сағадағы есептік су өтімі, метр текше/секунд		Сағадағы нақты су өтімі, метр текше/секунд	
	Барлығы	Оның ішінде қалпына келтіруді қажет ететіні	Ең жоғарғы	Ең төмен	Ең жоғарғы	Ең төмен
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Коллекторлардың тереңдігі, метр			Құлама жардың жатысы	Құрылысжайлар, дана	Гидро бекеттер, дана	Көпірлер және өткелдер, дана	Ескерту
Сағада	Ортасында	Соңында					
8	9	10	11	12	13	14	15

Коллектор жүйесінің техникалық жай-күйінің және теңгерімдік құнының ведомосі Жүйенің аты _____

P/c №	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	Барлығы		Теңгерімдік құны, мың теңге	Тозық сомасы, мың теңге
			Саны	оның ішінде қажет етеді		
				күрделі жөндеуді қайта қалпына келтіруді, мың теңге		
	Шаруашылықаралық желі және ондағы құрылысжайлар					
1	Негізгімен қоса шаруашылықаралық коллекторлар	километр				
2	Құрылысжайлар	дана				
3	Сорғы станциялар	дана				
4	Гидрометриялық бекеттер	дана				
5	Көпірлер және өткелдер	дана				

3. Суару (суару - суландыру) жүйесі

Жүйенің аты _____
 Пайдалануға _____ жылы берілді

Суару көзінің аты _____

Өзендер (көлдер) бассейні _____

Суару көзі реттелген (ия, жоқ) _____

Су қоймасының атауы және оның пайдаланылу мақсаты _____

Бас су жинақтауыштың типі: бөгетті, бөгетсіз (астын сызыңыз): _____

—

Су жинау тәсілі: өздігінен ағатын, механикалық (астын сызыңыз): _____

—

Бас құрылысжайдың есептеулік су өткізу қабылеттілігі секундына _____ текше метр, оның ішінде реттеуіштің су өткізу мүмкіндігі секундына _____ текше метр немесе сорғы станциясының өнімділігі секундына _____ текше метр

Жүйе: су өздігінен ағатын, механикалық, аралас: _____
(астын сызыңыз)

Автоматтандырылған болуы: гидрокұрылысжайлардың, су өлшеу құрылғыларының

,

бүкіл жүйенің _____

(астын сызыңыз)

Жүйенің теңгерімдік құны _____ миллион теңге

Жалпы ауданы: суармалы жерлер _____ гектар

көлдетіп суарылатын _____ гектар

суландырылған жерлер _____ гектар

Жүйеге тікелей басқаруды _____ жүзеге асырады

(су шаруашылығы ұйымының аты)

Жүйе _____ аумағында орналасқан

(облыс, аудан)

Суландыру көзінің сипаттамасы

_____ орналасқан бекет бойынша
Бекет бойынша су жинақталатын аудан _____ шаршы километр; сағаға дейінгі арақашықтық _____ километр.

Эксплуатациялық гидрометриялық бекеттің орналасқан жері _____

Көпжылдық және нақты су өтімі немесе эксплуатациялық гидрометриялық бекет бойынша су жиегі

Айлар	Бақылау жүргізілген 20__жыл 20__жыл кезеңдегі көпжылдық су өтімі			Онкүндіктер	Жылдар бойынша нақты су өтімі		
					20__ _жыл	20__ _жыл	20__ _жыл
қаңтар							
ақпан							
наурыз							
сәуір							
мамыр				1			
				2			
				3			
маусым				1			
				2			
				3			
шілде				1			
				2			
				3			
тамыз				1			
				2			
				3			
қыркүйек				1			
				2			
				3			
қазан							
қараша							
желтоқсан							
Бір жылдағы орташа мәні							
Вегетациялық кезеңдегі орташа мәні							
Ең жоғары мәні, текше метр/секунд							
Күні							
Ең төмен мәні, текше метр /секунд							
Күні							

**Жүйенің су балансы Эксплуатациялық гидрометриялық мәліметтер бойынша
20__жылғы су балансы (жыл сайын жасалады (текше метр/секунд))**

	Жүйеге су алу		Пайдаланылғаны		
	Нақты келіп түскені		оның ішінде		

Бір жылдағы орташа мәні										
Вегетациялық кезеңдегі орташа мән										

Пайдалы әсер коэффициенті

	Шаруашылық ішілік желінің	Шаруашылық қаралық желінің	Бүкіл жүйенің	Магистральдық каналдың
Жылдық орташа мән				
Вегетациялық кезеңдегі орташа мән				

Гидротехникалық құрылыс жайлардың орналасуы

Каналдағы және су бұру бастарындағы құрылыс жайлардың атауы	Пикеттер №	Құрылыс жайлардың сипаттамасы					
		Өткізгіштік қабілеті текше метр /секунд	Материалы	Құрылыстың салынған жылы	Техникалық жай-күйі	Байланыс	Су өлшеу құрылғысының типі
1	2	3	4	5	6	7	8

Паспорттауға дейінгі соңғы 3-5 жылда магистральдық каналдардың жұмысында байқалған

зиянды құбылыстардың (жағалардың шайылуы, бұзылуы, судың шамадан тыс сүзілуі және

басқалары) және осы құбылыстардың салдарлары мен оларды жою жөніндегі қабылданған

шаралардың қысқаша сипаттауы _____

Магистральдық каналдың техникалық жай-күйінің қысқаша сипаттауы (жарамды, жөндеуді немесе қайта қалпына келтіруді қажет етеді)

3	Шаруашылыққа су бөлетін жердегі құрылысжайлар	дана					
4.	Сорғы станциялары	дана					
5	Көпірлер мен өткелдер	дана					
6	Су өлшеу құрылғылары (құрылысжайлар кешеніне кірмейтін)	дана					
7							
8							
Шаруашылықаралық желі бойынша жиыны							

кестенің жалғасы

Оның ішінде су шаруашылығы ұйымдарының теңгерімінде				
Саны	оның ішінде қажет етеді		Теңгерімдік құны, мың теңге	Тозық сомасы, мың теңге
	күрделі жөндеуді	қалпына келтіруді		

Суару жүйесіндегі су өлшеу құрылғылары

Жылдар	Барлығы, дана	Оның ішінде, (дана)												
		Суарудың барлық түрлері	Су өлшегіштер, су жібергіштер	Науалардың барлық түрлері	Су өлшейтін саптамалар	Бір қалыпка келтірілген құрылысжай	Тұрақталған арналар	Рейкалар	Өлшеу аспаптарының барлық түрлері					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	

Гидрометриялық бекеттердің бар-жоғы
 Барлығы _____ дана
 Оның ішінде жабдықталғаны:
 а) рейкалармен _____ дана
 б) су өлшегіш құрылғылармен _____ дана
 оның ішінде өлшеу аспаптарымен _____ дана
 Қосымша мәліметтер _____

Жүйеде бары: су шаруашылығы органдардың қарауындағы жолдар, барлығы _____ километр, оның ішінде жабыны бар _____

километр.

Байланыс құралдары: телефон желілері _____ километр, радиостанциялар _____ дана

Азаматтық ғимараттар: барлығы _____ дана, оның ішінде тұрғын _____ дана, пайдалы алаң _____ шаршы метр.

Электр беру желілері _____ километр _____ киловатт.

Қосымшалар (атап өтіңіз): _____

Су құбырын орналастырудың ахуалдық жоспар-схемасы

4. Суландыру көзі

Су көзінің атауы _____

Географиялық орналасуы _____

(қандай мемлекеттер және облыстар арқылы өтеді)

Су (ағысы) ағыны: реттелген, табиғи (астын сызыңыз): _____

Су көзінің негізгі қоры: мұздықтар, қар, аралас (астын сызыңыз): _____

Бір жылдағы орташа көпжылдық су ағыны _____ миллион текше метр

Өзен бассейнінің су жинақталатын алаңы _____ шаршы километр

Өзеннің бастаудан сағаға дейінгі ұзындығы _____ километр

Гидрометрология басқармаларының су өлшеу станцияларының (бекеттерінің) және су көзіндегі қоршаған ортаның мониторингі саны _____ дана

Эксплуатациялық гидрометрия бекеттерінің саны _____ дана

Су көзінен су алатын суару жүйелерінің саны _____ дана

Суармалы жерлердің жалпы алаңымен _____ мың гектар

Суландыру көзінің көпжылдық сипаттамалары

Р/с №	Станцияның (бекеттің) орналасқан жері	Сағаға дейінгі арақашықтық, километр	Су жинақталатын алаң, шаршы метр	Су тасқыны өтетін орташа күні және ұзақтығы	Бақылау кезеңі	Су өтімінің сипаттамасы	Сипатты су өтімі айлар бойынша, текше метр/секунд (орташа көпжылдық су өтімі)						
							01	02	03	04	05	06	07
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
						орташа							
						ең жоғары							
						ең төмен							

кестенің жалғасы

Сипатты су өтімі айлар бойынша, текше метр/секунд (орташа көпжылдық су өтімі)							Бақылау кезеңінде					
							Ж а з ғ ы ең жоғары			Ж а з ғ ы ең төменгі		
08	09	10	11	12	жылына	Вегетациялық кезеңде	Су өтімі	Күні және жылы	Су өтімі	Күні және жылы	Су өтімі	Күні және жылы
15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27

Су көзіндегі нақты су өтімі және одан алынған су көлемі, текше метр/секунд

Р/с №	Станцияның (бекеттің) орналасқан жері, суару жүйелерінің және оның сағаларының аты	Айлар және онкүндіктер бойынша су өтімі												
		кантар	ақпан	наурыз	сәуір			мамыр			маусым			
					1	2	3	1	2	3	1	2	3	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	
1	_____ (бекеттің аты) бекеті бойынша су көзіндегі өтім													
2	Су көзінен алынған су: а) _____ жүйесі ә) _____ жүйесі б) _____ в) _____													
3	Су көзінің қор жинайтын сағасы: _____ (сағаның аты)													

кестенің жалғасы

шілде			тамыз			қыркүйек			қазан	қараша	желтоқсан	Орташа жылдық	Вегетация кезеңі бойынша орташа мән
1	2	3	1	2	3	1	2	3					
15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28

Суармалы жерлер және олардың ауыл шаруашылығында пайдаланылуы

Жылы	Суару жүйесінің аты	Барлық суармалы жерлер, гектар	Оның ішінде		Ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдаланылған суармалы жерлер, гектар	Пайдаланылған суармалы жерлердің нақты суарылғаны, гектар	Көлтабанды суарылатын жерлер, гектар	Суландырылған жерлердің алаңы, гектар
			Тұрақты суарылатыны, гектар	Шартты түрде суарылатыны, гектар				
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Суару көзіндегі қорғаныш және реттеуіш құрылысжайлар

Р/с №	Құрылысжайдың (бөгет, үйінді, дамбы, шпоры және басқалары) аты және типі, сипаттамасы және негізгі өлшемдері	Құрылысжай паспортының № және оны сақтайтын ұйымның аты
1	2	3

Суару көзіндегі су қоймалары

Су қоймасының атауы	Сағаға дейінгі арақашықтық, километр	Айдыңның алаңы, шаршы метр		Су көлемі, миллион текше метр		Су ағысын реттеу түрі (көпжылдық, кезеңдік, апталық, тәуліктік)	Пайдаланылу мақсаты (суаруға, энергетика, сумен жабдықтау, балық шаруашылығы, су көлігі және басқалары)	Паспорт № және ұйымның атауы, орналасу жері
		Қалыпты тіреу деңгейі жағдайында	пайдаланылмайтын көлемнің деңгейі жағдайында	Толық	Пайдаланылатын			
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Түсіндірме жазба

(Суару көзі режимінің негізгі ерекшеліктері мен су ресурстарының таралуы келтіріледі) _____

Әр жүйе бойынша суармалы жерлердің шекараларын көрсете отырып, аталған су көзінен су алатын суару жүйелерінің контурлары белгіленген карта немесе картадан алынған көшірме. Паспорт 20 __ жылы __ дана етіп жасалынған және мына су шаруашылығы ұйымдарына берілді _____

Паспортты жасауға жауапты адам _____
(лауазымы, қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Паспортты жасауға қатысқандар _____
(ұйымның атауы, лауазымы және аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

5. Су алу ұңғымасы

Ұңғыманың орналасқан жері _____

Ұңғыманың нысаналы мақсаты _____

Ұңғыманың санаты _____

Теңгерімдік құны _____ миллион теңге

Пайдалануға енгізілген жылы _____

Объектінің маңызы _____

(республикалық, облыстық, аудандық)

Ұңғымалардың негізгі техникалық көрсеткіштері

20__ жылғы "___" _____ № ___ акті бойынша 20__ жылдан бастап пайдалануға қабылданды.

Техникалық көрсеткіштер:

Р/с №	Көрсеткіштер атауы және өлшем бірліктері	№ _____ ұңғымалар бойынша көрсеткіштер сипаттамасы
1	2	3
1	Ұңғыма ернеуінің абсолюттік белгілері, метр	
2	Ұңғыманың тереңдігі, метр	
3	Пайдалануға айқындалған су деңгейінің жиегі (кешені)	
	1. Жасы	
	2. Су жұтқыш жыныстар	
